



Автор: Альянова Жанат Рамазановна

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 2-сынып

Бөлім: Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті

Тақырып: Зат есімнің жекеше және көпше түрі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	2.4.2.2 көптік жалғауларын дұрыс қолдану 2.1.2.1 Мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау;
Сабақтың мақсаты:	Барлығы: Зат есімнің жекеше және көпше түрлерін біледі. Көбі: Зат есімнің жекеше және көпше түрін ажыратады. Кейбірі: Көптік жалғауларын дұрыс қолдана алады
Тілдік мақсаттар:	Талқылауға арналған сұрақтар: Не себепті.....деп ойлайсыз 1. Атам алма берді. Сөйлеміндегі зат есімді табыңыздар 2. Арман сабаққа келді. Сөйлеміндегі зат есімді табыңыздар.Сұрақ қойыңыздар. 3. Ана сөзіне сұрақ қойыңыздар 4. Тақта сөзіне сұрақ қойыңыздар 5. Не? Нелер? деген сұрақты қай кезде қолданамыз?
Күтілетін нәтиже:	Тыңдалған мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді; Зат есімнің жекеше және көпше түрін ажыратады; Берілген тақырып бойынша тұжырым жасайды;
Бағалау критерийлері:	1. Көптік жалғауларын дұрыс қолданады; 2. Мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжайды
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Аудиожазба , видео таныстырылым, ноудбуг
Пәнаралық байланыс:	«Әдебиеттік оқу», «Жаратылыстану»
Бастапқы білім:	Жалқы есім және жалпы есім

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Сәлемдесу Психологиялық ахуал Кел, балалар күлейік Күлкіменен түлейік. Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік. Қабақ түйген не керек ? Көңілді боп жүрейік. Топқа бөлу. "Бала өмірдің гүлі" демекші мен балаларды гүл жапырақтары арқылы топқа бөлгім келеді 1-топ қызғылт түс "ЗАТ ЕСІМ" 2-топ сары түс "ЖЕКЕШЕ" 3-топ қызыл түс "КӨПШЕ" Ал балалар бүгін мен сендерді асық арқылы бағалаймын, кім дұрыс әрі жақсы жауап берсе сол балаға асық беріп отырамын. Ал қанекей бәріміз асық жинауға тырысайық Топ ережесі • Сыныпта тыныштық сақтау. • Уақытты үнемді пайдалану. • Ұйымшыл болу.	түрлі түсті фигуралар



Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>Өткенді пысықтау. “Тест” Әр топқа https://imekter.kz/ сайтынан тест тапсырмасын орындату</p> <p>https://imekter.kz/ сайтынан қысқаша видеожазба көрсету</p> <p>Видеодан түсінгендерін сұрау</p> <p>Топтық жұмыс 55 бет 44 жаттығу</p> <p>Дескриптор: 1.Суреттердің астындағы сөздерді оқиды, салыстырады;</p> <p>2. Зат есімнің жекеше және көпше түрін ажыратады;</p> <p>3. Бір-біріне сұрақтар қояды, жауап береді;</p> <p>4. Бір-бірін тыңдап бағалайды;</p> <p>Кері байланыс: «Житондар»</p> <p>ҚБ « Жұлдызшалар»</p> <p>Зат есімнің жекеше, көпше түрі болады.Кім? не? сұрақтарына жауап беретін сөздерді зат есімнің жекеше түрі деп атайды: әке,үй, құс. Кімдер? нелер? сұрақтарына жауап беретін сөздерді зат есімнің көпше түрі деп атайды: әкелер,үйлер, құстар.</p> <p>45-жаттығу «Мәнерлеп оқы» ЖЖ</p> <p>Дескриптор: 1. Өлеңді мәнерлеп оқиды;</p> <p>2. Суреттегі зат есімнің түрлерін табады;</p> <p>3. Бір-бірін тыңдап толықтырады;</p>  <p>Сергіту сәті</p> <p>46-жаттығу «Құс атауларын тап» ТЖ</p> <p>Дескриптор: 1.Дөңгелекке жасырылған құс атауларын табады;</p> <p>2. Жекеше және көпше түрде жазады;</p> <p>3. Бір-бірін тексеріп , толықтырады;</p> <p>Кері байланыс: «Житондар»</p> <p>ҚБ « Жұлдызшалар»</p> <p>48-жаттығу «Қатесін тап» ТЖ</p> <p>Дескриптор:</p> <p>1.Суреттегі құстарды атайды;</p> <p>2. Суреттегі ұшпайтын құстарды анықтайды;</p> <p>3. Сұраққа қатысты ойын білдіреді;</p> <p>4. Бір-бірін тыңдап толықтырады, бағалайды;</p> <p>Кері байланыс: «Житондар»</p> <p>ҚБ « Жұлдызшалар»</p>	<p>https://imekter.kz/ сайты</p> <p>суреттер</p>
Сабақтың соңы	<p>1-топ " Қатені тап"</p> <p>2-топ "Сәйкестендіру"</p> <p>3-топ "Венн диаграммасы"</p> <p>Бүгінгі сабақты қорытындылау.</p>	тапсырмалар

Image not found of type unknown

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия		Қолдарындағы гүл шоқтарын жабыстырады